

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕМДЕУ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІН РЕНТГЕН ЖӘНЕ ФЛЮОРОГРАФИЯ ТАСПАСЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 28 ақпан N 223. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000.02.14. N 242 қаулысымен. ~P000242

Қазақстан Республикасының емдеу-профилактикалық мекемелерінің қажеті үшін рентген және флюорография таспаларын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен алдырып тұруды қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Медтехника" акционерлік қоғамының кәсіпорындарына пайдаланылған рентген және флюорография таспаларының құрамында күмісі бар қалдықтарын жинап, өңдеуді ұйымдастыруға, оларды рентген мен флюорография таспаларына айырбастап алу үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы елдерін дайындаушы кәсіпорындарына жөнелтуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жыл сайын рентген және флюорография таспасын өңдеуден алынған құрамында күмісі бар қалдықтарды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің өнім өндіретін кәсіпорындарына жіберіп тұруға белгіленген квоталар көлемін Денсаулық сақтау министрлігіне жеткізетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі